

ЭОЖ 81’37

ҒТАХР 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.025>

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ КЕҢІСТІК: МИФОТОПОНИМДЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

*Сматова А.Е.¹, Емқұлова З.А.², Морозова В.Ю.³

*^{1,2,3}М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі мифотопонимдердің лингвомәдени және когнитивтік ерекшеліктері салыстырмалы-лингвистикалық тұрғыда талданады. Зерттеу нысаны ретінде екі халықтың ұлттық мәдениеті мен танымдық санасында маңызды орын алатын жер-су атаулары алынған. Қазақ және ағылшын топонимдері – белгілі бір тарихи, әлеуметтік, табиғи-географиялық факторлармен тығыз байланысты, сол себепті олардың семантикалық ерекшеліктері әртүрлі мәдени кодтармен айқындалады. Ғылыми зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі мифотопонимдерді салыстырмалы талдау арқылы олардың этномәдени танымдық жүйесіндегі ерекшеліктерін айқындау. Зерттеу мифотопонимдердің тілдік дерек ретіндегі маңызын, сондай-ақ олардың мифологиялық сана мен этномәдени дүниетаныммен байланысын айқындауға бағытталған. Зерттеу идеясы – мифотопонимдердің белгілі бір этностың тарихи жадын, рухани құндылықтарын және мәдени кодын сақтаушы әрі жеткізуші тілдік феномен екендігін дәлелдеу.

Зерттеудің өзектілігі цифрлық дәуірде мәдениетаралық байланыстардың белсенді дамуына және соған сәйкес өзге халықтардың мәдениетіне, тарихына, дүниетанымына деген қызығушылықтың артуына байланысты айқындалады. Осындай рухани-мәдени құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі болып саналатын мифотопонимдерде халықтың тарихи тұрғыдан қалыптасқан рухани мұрасы, көне наным-сенімдері, аңыздары мен мифологиялық түсініктері көрініс табады.

Зерттеу барысында мифотопонимдік деректер жүйеленіп, салыстырмалы, сипаттамалы, семантикалық, когнитивтік және лингвомәдени талдау әдістері қолданылады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мифотопонимдерді салыстырмалы талдау қазақ және ағылшын халықтарының тарихи жадындағы, рухани құндылықтарындағы, мәдени кодтарындағы, сондай-ақ этномәдени және тарихи-мәдени ерекшеліктеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тереңірек айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің жаңалығы – қазақ және ағылшын тілдеріндегі этномәдени кеңістік ұғымын мифотопонимдер негізінде салыстырмалы талдау. Жұмыс

қазақ және ағылшын тілдеріндегі мифотопонимдердің семантикалық, мәдени-когнитивтік ерекшеліктерін салыстыра отырып, олардың этномәдени кеңістікті бейнелеу тәсілдерін анықтайды. Зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын мифотопонимдерін когнитивтік тұрғыдан салыстырмалы талдау арқылы екі халықтың ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктері айқындалып, жаңа ғылыми пайымдар ұсынылады.

Зерттеудің ғылыми маңызы – ағылшын және қазақ тілдеріндегі мифотопонимдерді салыстырмалы талдау олардың танымдық-семантикалық құрылымын айқындауға және лингвистикалық білімді кеңейтуге үлес қосады. Зерттеудің практикалық құндылығы – зерттеу нәтижелерін салыстырмалы тіл білімі, мәдениеттану, ономастика мен лингвокогнитивтік зерттеулерде қолдануға болады.

Тірек сөздер: когнитивтік лингвистика, ұлттық таным, топонимиялық кеңістік, мифотопонимика, ұлттық ерекшелік, мәдени код, салыстырмалы талдау, тілдік таңба

Кіріспе

Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде де, қандай жағдайда болмасын, белгілі бір кеңістікте көрініс табады. Ал халықтың бар өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы ең алдымен сол халықтың тілінен өз өрнегін тауып, атадан балаға ауысып отырады. Сонымен қатар әрбір халықтың тілінде тарихи, рухани-мәдени ақпараттар сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Осындай мазмұны бай әрі танымдық маңызы зор тілдік бірліктердің бірі – топонимиялық атаулар. Этнотанымдық топонимиялық қабаттар дегеніміз – дүниетанымның белгілі бір түрлеріне негізделген және соларды тілдік-менталдық түрде көрсететін топонимиялық қабаттар (топонимдер типтері немесе топонимдер жиынтығы). Мәселен, кейбір топонимдер мифтік (мифологиялық) таным негізінде қалыптасқан. Сол себепті оларды мифтік (мифологиялық) топонимдер немесе мифтік (мифологиялық) этнотанымдық (дүниетанымдық) қабатына жатқызуымызға болады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі топонимиялық жүйе – әр түрлі өркениеттік, тарихи және географиялық факторлар әсерінен қалыптасқан өзіндік ерекшеліктерге ие кеңістіктер. Осыған байланысты екі тілдің топонимдік қорын ұлттық таным тұрғысынан салыстыра зерттеу – қазіргі лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистикада өзекті ғылыми мәселе болып саналады. Зерттеулер көрсеткендей, топонимдер тілдік таңба ғана емес, халықтың танымын, салт-дәстүрін, тарихи жадын білдіретін когнитивтік таным ретінде де қарастырылады. «Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы тәжірибесі, білімімен байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі

сыртқы дүниемен байланысы ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімінің негізі болып табылады. Оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әр түрлі» [1, 25-б.]. Сондықтан қазақ және ағылшын топонимдерін салыстыра талдау арқылы біз ұлттық таным ерекшеліктерін, мәдени кодтарды, кеңістікті бейнелеу модельдерін ашуға мүмкіндік аламыз.

Қазақ-ағылшын топонимиялық кеңістігі бірнеше ғасырлар бойы күрделі тарихи-мәдени және лингвистикалық жағдайларда қалыптасты. Жалпы алғанда, топонимия – қазақ және ағылшын тіл біліміндегі, сондай-ақ ономастика саласындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. «Топонимиканың өзекті мәселелерінің қашанда ғалымдар назарын үнемі өзіне аударып, зерттеу нысанына айналып отыр. Қазақ тіліндегі топонимиялық атаулардың шығу төркіні сонау Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы дәуірлеріне тән болса, біразы Орал-Алтай тіл бірлестігіне, енді бір тобы көне түркі тіліне және өзге тілдердің ықпалынан араб, парсы, орыс тілдерінен енген» [2, 12-б.]. Ағылшын топонимдерінің де пайда болу тарихы өте күрделі әрі бай тілдік ақпараттарды қамтиды. Англияның қалыптасуындағы әртүрлі тарихи оқиғалар көптеген топонимдердің пайда болуына әсер еткен. Көп ғасырлар бойы әртүрлі тілдердің ықпалымен қалыптасқан Англия топонимиясы қазіргі уақытта біртұтас атаулар жүйесі ретінде көрінеді. Англиядағы топонимдердің қалыптасу негізін француз, кельт, норман, латын және ежелгі ағылшын тілдері құрайды. Сондай-ақ ел тарихының әртүрлі кезеңдерінде қолданылған өзге де тілдердің ықпалы жер-су атауларының қалыптасуына әсер еткен.

Әрбір халықтың когнитивті танымы оның ойлау қабілеті мен дүниені қабылдау тәжірибесіне байланысты туындайды. Адамның ой-танымы оның тілі арқылы көрініс береді. Тіл ғасырлар бойы жинақталған ақпаратты бойына сіңіріп, оларды өңдеп, тілдік бірліктер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Осылайша ол халықтың мәдениеті мен тарихын, дүниетанымын бейнелейтін маңызды құралға айналады. Әрбір халықтың өмір сүру салты – тарихи, географиялық, климаттық, әлеуметтік және экономикалық жағдайларға байланысты қалыптасады. Қазақ және ағылшын топонимикалық атаулары әртүрлі географиялық, тарихи және мәдени жағдайлардың әсерінен ғана емес, сонымен бірге әр ұлттың когнитивтік құрылымдары мен ұлттық тілдік санасының ерекшеліктері негізінде қалыптасқан. Әр халықтың өмір сүрген ортасы, тарихи дамуы мен дүниетанымы тек тілдік бірліктерге ғана емес, солар арқылы қалыптасатын менталдық картасына да әсер етеді. Қазақ жеріндегі топонимдер көбінесе табиғат ерекшеліктерімен (тау, өзен, шөл, жазық), тарихи оқиғалармен, кәсіби қызмет түрлерімен және рулар мен тайпалардың атауларымен байланысты болса, бұл атаулардың барлығы белгілі бір концепттердің (мысалы, «жер», «ата-баба», «киелі орын») когнитивтік репрезентациясы ретінде қызмет

етеді. Ал ағылшын топонимиясында географиялық нысандармен қатар кельт, англо-саксон және норман мәдениеттерінің ықпалы көрініп, «діни орталық», «қамал», «шіркеу» сияқты концептілерді тудырады. Сонымен қатар, қазақ топонимиясындағы мифологиялық және тұрмыстық атаулар – ұлттың сакральды кеңістікке деген қатынасын білдіретін когнитивтік модельдерге негізделсе, ағылшын топонимдеріндегі шіркеуге немесе феодалдық құрылымдарға байланысты атаулар – ортағасырлық діни және әлеуметтік когницияның тілдік көріністері болып табылады. Осылайша, екі тілдегі топонимдер – сол ұлттардың тарихи жадын, мәдени кодтарын және дүниетанымын бейнелейтін когнитивтік жүйенің тілдегі көрінісі.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеуде салыстырмалы-типологиялық әдіс, когнитивтік талдау, лингвомәдени интерпретация, семантикалық және құрылымдық талдау тәсілдері қолданылды. Мифотопонимдердің мазмұндық-семантикалық ерекшеліктерін айқындау үшін қазақ және ағылшын тілдеріндегі топонимиялық деректер, мифологиялық мәтіндер, этнографиялық материалдар мен ғылыми еңбектер негізге алынды. Сонымен қатар, екі халықтың дүниетанымына қатысты тарихи-мәдени деректер мен лексикографиялық басылымдар зерттеу материалы ретінде пайдаланылды.

Зерттеу қазақ және ағылшын тілдеріндегі мифтік мазмұндағы топонимдердің этномәдени ерекшеліктерін анықтауда жүйелеу, салыстыру, сипаттау және семантикалық талдау, когнитивтік, лингвомәдени талдау әдістеріне негізделді. Екі тілдегі мифотопонимдердің дүниетанымдық модельдерін салыстыру барысында мәдениетаралық зерттеулер, мифологиялық деректер мен тарихи-этнографиялық материалдарды кешенді талдау әдісі пайдаланылды.

Мақала жазуда қазақ ономастикасы мен топонимикасы саласында зерттеу жүрген Е. Қойшыбаев, В.Н. Попова, Т. Жанұзақов, Е. Керімбаев, Б. Тілеубердиев, Г. Мадиева, Қ. Рысберген сынды ғалымдардың еңбектері негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика мен когнитивті лингвистика бағыттарында зерттеулер жүргізген Ә. Қайдардың ғылыми тұжырымдары теориялық негіз ретінде басшылыққа алынды. Топонимикаға байланысты Т. Жанұзақовтың «Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық)», ағылшын топонимикасын зерттеген Д. Миллстің «A Dictionary of British Place Names», К. Кэмеронның «English Place Names» еңбектерін пайдаландық.

Нәтижелер және талқылау

Жер-су атауларының қалыптасуына әрбір ұлттың таным-түсінігінің, дүниені қабылдауының әсері мол болатыны белгілі. Географиялық атаулардың (топонимдердің) шығу төркіні, олардың аталу себептері қашанда ғалымдардың назарын өзіне аударып келе жатқан өзекті мәселе.

Қазақ және ағылшын топонимдерінің мән-мағынасы, шығу тарихы және көпшілікке беймәлім сыр-құпиялары әлі толық ашылған жоқ. Кез келген елдің өткен мен бүгін арасындағы сабақтастығы сол елдің жер-су атаулары – топонимдер арқылы айқын көрініс табады.

Қазақ топонимикасын зерттеу әрқашан ғалымдардың назарын өзіне аударған өзекті мәселе болып келген. Қазақ топонимдерін зерттеуге Е. Қойшыбаев, В.Н. Попова, Т. Жанұзақов, Е. Керімбаев, Б. Тілеубердиев, Г. Мадиева, Қ. Рысберген сынды т.б. отандық ғалымдар айрықша үлес қосқан. Олар топонимдердің этимологиясын, семантикалық құрылымын, мәдени-тарихи және этнолингвистикалық ерекшеліктерін талдап, қазақ жер-су атауларының ұлттық мәдени кодты бейнелеудегі рөлін анықтаған. Сонымен қатар, қазақ топонимдері мен олардың мағынасы халықтың дүниетанымдық ерекшеліктерін, тарихи оқиғалар мен этнографиялық деректерді көрсететін маңызды ақпарат көзі ретінде қарастырылған.

Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су атаулары сөздігі» атты еңбегінде топонимдерді жасаушысы да, пайдаланушысы да халық болғандықтан, олар тек географиялық себептер нәтижесінде пайда болған үдеріс қана емес, сонымен қатар тарихи-әлеуметтік себептерден туындаған тілдік құбылыстар ретінде қарастырылады [3, 8-б.].

Т.Жанұзақ ономастика саласындағы зерттеулерінде топонимдік атаулардың мазмұндық аясын кеңінен сипаттай отырып, оларда халықтың тарихи жады мен дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылық тәжірибесі, сондай-ақ рухани-мәдени болмысы көрініс табатынын атап өтеді [4, 4-б.]. Ғалымның тұжырымдауынша, жер-су атаулары тек географиялық нысандарды атаумен шектелмей, халықтың өткен өмірі мен мәдени-әлеуметтік дамуын танытатын құнды дереккөз ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, топонимдер арқылы этностың өмір салты, салт-дәстүрі және тарихи тәжірибесі жан-жақты айқындалады. Сондықтан мұндай атауларды зерттеу олардың семантикалық қабатын, тарихи негізін және мәдени мәнін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Қ. Рысберген «Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері» атты еңбегінде топонимдік ақпарат мәселесін қарастыра келе, топонимдік атаулар мазмұнында шоғырланған білімдер жүйесінің антропоөзектік парадигма мақсаттарымен үндесетінін айқындайды. Ғалымның тұжырымдауынша, когнетивтік лингвистикада ақпарат менталдық және концептуалдық ақпарат түрлеріне жіктеледі. Ғалым табиғи нысандар туралы ақпарат адамзат тіршілігі аясына ілінген сәттен бастап өңделіп, айқындалған білім түрінде көрініс табатынын атап өтеді. Сонымен қатар ғалым топонимдік ақпарат түрлерін мекенжайлық (адрестік) ақпарат, тілдік ақпарат, этномәдени ақпарат, ғылыми ақпарат, тарихи-деректік ақпарат, лингвоәлеуметтік ақпарат деп бірнеше түрге бөліп қарастырады [5, 32-38-бб.].

Ағылшын топонимиясының классикалық зерттеушісі Э. Экволл «The Concise Oxford Dictionary of English Place-Names» атты еңбегі [6] ағылшын жер-су атауларының этимологиясына арналған. Э. Экволлдың «Ағылшын топонимдерінің қысқаша Оксфорд сөздігі» алғаш рет 1936 жылы жарық көріп, осы саладағы стандартты анықтамалық еңбекке айналды. 10 000-нан астам топонимнің тарихи және қазіргі нұсқалары мен мағыналарын қамтитын бұл сөздікте Англиядағы елдер мен графтықтардың, әкімшілік бөліністердің, қалалар мен ауылдардың атаулары, сондай-ақ этимологиялық тұрғыдан қызықты жер-су атаулары қамтылған.

М. Геллингтің «Signposts to the Past» [7] еңбегінде топонимдердің ландшафтпен байланысын зерттеп, ағылшын тіліндегі жер-су атауларын табиғи географиямен тығыз байланыста түсіндіреді. Бұл еңбек топонимдерге және олардың мағынасына арналған кеңінен қолданылатын кіріспе ретінде белгілі. Онда латын, кельт, ағылшын, скандинав және француз тектес атаулар, сондай-ақ хронология, шекаралар, топонимдер мен археологияның байланысы және жеке есімдер қарастырылады.

Ағылшын және жалпы британ топонимдерін зерттеген ғалым Д. Миллстің «Словарь британских топонимов» («A Dictionary of British Place-Names») [8] еңбегі ағылшын топонимдерін жүйелі түрде түсіндіретін маңызды ғылыми жұмыстардың бірі. Аталған еңбекте Ұлыбритания аумағындағы жер-су атауларының шығу тегі, тарихи қалыптасу ерекшеліктері мен лингвистикалық өзгерістері жан-жақты қарастырылған.

Алғаш 2004 жылы жарияланған В. Уоттстың алфавиттік сөздігі «The Cambridge Dictionary of English Place-Names» [9] – Англияның топонимдер қоғамы архивтеріне негізделген ірі анықтамалық еңбек. Онда қалалар, елді мекендер, ауылдар, өзендер, бұлақтар, төбелер және Ordnance Survey Road Atlas of Great Britain (1983) атласында көрсетілген басқа географиялық объектілердің атаулары қамтылған. Сөздік тек тарихи өткенді ғана емес, қазіргі Англияны да көрсетеді. Әр топоним жазбасының ұлттық желідегі ерекше сілтеме нөмірі, тарихи жазылымдары, атаудың жас мөлшері, мағынасы және этимологиясы (индоевропейлікке дейінгі, индоевропейлік, кельттік, примитивтік валлийлік, англосаксондық, ежелгі скандинав, ежелгі француз, орта ағылшын және қазіргі ағылшын) көрсетілген. Қажет болған жағдайда, салыстырмалы атаулар, тарихи, әлеуметтік-экономикалық маңызы, тілдің дамуы, атаудың айтылуы мен жазылу нұсқалары бойынша түсіндірмелер берілген. В. Уоттстың «The Cambridge Dictionary of English Place-Names» сөздігі Э. Эквалл еңбектерінің заманауи жалғасы ретінде саналады. Ағылшын тіліндегі ғылыми топонимикалық сөздіктер арасында ең беделділері – А. Миллс (1991) пен В. Уоттстың (2004) сөздіктері. 1974 жылы жарияланған Э. Экваллдың сөздігі ескіргенімен бүгінгі күнге дейін ғылыми құндылығы жоғары.

У. Николайзеннің «Place-name legends: An onomastic mythology» [10]

атты зертеуі жер атауларына қатысты аңыздар: ономастикалық мифологияға арналған. К. Кэмеронның «Ағылшын топонимдері» (English Place-Names) [11] атты монографиясы – Англияда ғана емес, шетелде де кеңінен танымал ғылыми еңбек. Бұл кітаптың алғашқы басылымы 1961 жылы жарық көрген, сол сәттен бастап-ақ үлкен танымалдыққа ие болып, төрт рет қайта басылып шыққан.

Н.Дж. Хайэм мен М.Дж. Райанның редакциясымен жарық көрген «Place-Names, Language and the Anglo-Saxon Landscape» («Топонимдер, тіл және англосаксон ландшафты») [12] атты ғылыми жинақ англосаксон кезеңіндегі Англияның географиялық атаулары мен тілдік-мәдени кеңістігін зерттеуге арналған маңызды еңбек. Ол тарихи топонимдер арқылы сол дәуірдің әлеуметтік, мәдени және географиялық ерекшеліктерін ашады және англосаксон Англиясының мәдениеті мен тілін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Б.Қараева, А.Мейірбеков, Б.Тасполатов «Environmental Transformations and Their Impact on Place-Name Evolution: A Comparative Linguistic Analysis of English and Kazakh Geographical Nomenclature» [13] атты мақаласында қоршаған ортаның өзгерістері мен климаттық ауытқулардың топонимдерге әсерін салыстырмалы түрде талдайды. Авторлар топонимдерді мәдени мұраның маңызды элементі ретінде қарастырады және олардың табиғи антропогендік факторларға байланысты қалай өзгертінін көрсетеді.

Жер-су атауларының шығу төркіні, этимологиясы, танымдық-семантикалық ерекшеліктері көптеген ғалымдардың назарын өзіне аударып келе жатқан мәселелердің бірі. Мифотопоним – мифологиялық мазмұнға ие жер-су атауы, яғни халықтың аңыз-әңгімелері, наным-сенімдері мен мифтік дүниетанымына байланысты қалыптасқан географиялық атаулар. Бұл атаулар белгілі бір географиялық нысанның (тау, өзен, үңгір, көл, т.б.) айналасында пайда болған мифтер мен аңыздар негізінде туындап, ұлттың сакралды кеңістікке деген көзқарасын, табиғатпен рухани байланысын бейнелейді. Мысалы, қазақ тілінде *Қазығұрт*, *Хан Тәңірі* (*Тәңір тауы*), *Әулие ата*, *Жерұйық* – атаулардында халықтың мифтік ойлауның нәтижесінде туындаған. Ал *Dragon Hill*, *Fairy Glen*, *Castle Hill*, *Torberry Hill*, *Torberry Hill*, *Glastonbury Tor*, *Pendle Hill*, *Puck's Hill / Puck's Lane / Puck's Wood*, *Boggart Hill / Boggart Wood / Boggart House* деген ағылшын тіліндегі топонимдік атаулар мифологиялық бейнелермен (айдаһар, жын, пері) байланысты қалыптасқан.

Қазығұрт тауы жөнінде топонимикалық аңыз-әпсаналар ғасырлар қойнауынан күні бүгінге жетті деп айтуға болады. Қазығұрт өңірі топонимикасын зерттеген ғалым Б. Тасполатов Қазығұрт тауына байланысты ел арасында төрт әпсананың қалғанын атап өтеді. «Біріншісі – топан су мен Нұхтың кемесі жөніндегі (Қазығұрттың шыңына тоқтағаны жайындағы) аңыз, екіншісі – Қазығұрттың басынан тіршілік алған төрт түлік жайындағы

әпсана, үшіншісі – Қазығұртта өмір сүрген әулие Қазығұрт ата жайындағы аңыз, төртіншісі – Қазығұрт тауымен соғысқан таулар («таулар соғысы») жөніндегі аңыз» [14, 99 б.]. «Киелі тау» мифтік архитепінің көрінісі көне сақ, үйсін замандарынан орын алып келеді. Қазығұртты киеліліктің, қасиеттіліктің (әулиеліліктің) бір метафорасы ретінде де түсінуімізге болады. Басқа сөзбен айтқанда, Қазығұрт қазақ үшін киеліліктің бірегей бір символы. Қазығұрт тауы туралы мифологияда «ғаламдық тау», «ғаламдық таудың киелі шыңы» мифологиясы бар.

Ғаламның топонимикалық ұлттық бейнесі ғаламның жалпы халықтық (ұлттық) бейнесінің бір бөлігі (фрагменті) болып табылады. Хан Тәңірі (Тәңір тауы) – бұл географиялық топоним және мифологиялық-мәдени мәні бар атау. Ол Орта Азиядағы ең биік және әйгілі таулардың бірі. Мифологиялық және мәдени мағынасы бар Хан Тәңірі көне түсініктің кеңістіктегі бейнесі. «Тәңір» – көне түркі тілдерінде «аспан», «күдай», яғни «жоғарғы күдірет» деген мағынаны білдіреді. «Хан Тәңірі» – сөзбе-сөз аударғанда «Тәңірлердің ханы», немесе «Аспан патшасы» дегенді білдіреді.

Ғаламның мифтік моделін, бейнесін құрайтын ортаңғы дүние – жер, жер беті. Жер беті қазақтың ежелгі танымында мифтенген кейпінде тұлғаланады. Қазақ халқы үшін жер қасиетті кеңістік, киелі атамекен ретінде танылған. «Жерұйық» – түркілер дүниетанымындағы тәуелсіздікпен байланысы бар құтты мекен. Жалпы «Жерұйық» ұғымының танымдық этимологиясын, мифологиялық тұғырнамасын анықтау маңызды мәселе. «Жерұйық» біріншіден, құтты мекен ойға оралады, ол қазақ халқының тарихында Асан қайғының философиясымен тығыз байланысты. «Жер» мифологиясына негізделген мифотопонимдер мазмұндық жағынан көп қабатты (мысалы, «су», «тау», «ағаш», «құм» т.б. мифологиялық қабаттар) болып келеді. Осы аталған мифологиялық қабаттарда түрлі *тау культі*, *ағаш культі* т.б. өз көрінісін береді.

Ағылшын топонимдері елдің көпқабатты тарихи дамуын, этностық құрамының күрделілігін және табиғи-географиялық ерекшеліктерін көрсететін маңызды мәдени-тілдік дереккөзі. Мысалы, «холм» сөзі ағылшын топонимдерінде ең көп қолданылатын сөздердің бірі, себебі зерттелетін аймақ таулы рельефке ие және көптеген төбелер әртүрлі формада кездеседі. Мысалы, «*Aydaһap төбесі*» (*Dragon Hill*) – Англия аумағында айдаһарлар туралы көне мифтермен байланысты бірнеше жерге берілген атау. «Айдаһар төбесінің» ең танымалдарының бірі – Баттерси (*Battersea*) маңындағы төбе. «Айдаһар төбесімен» байланысты ең танымал аңыздардың бірі – Англияның қамқоршысы саналатын Әулие Георгий осы төбеде айдаһармен шайқасып, оны өлтіріп, ханшайымды құтқарғаны туралы аңыз. Бұл аңыз – ағылшын фольклорының ең кең таралған және маңызы зор нұсқаларының бірі. Төбенің үстінде шөп өспейтін ақ дақ бар, бұл – айдаһардың қаны төгілген жер деп есептеледі. Англияда «Айдаһар

төбесінің» атаулары Әулие Георгийдің айдаһарларды жеңуімен байланысты туындаған, сонымен қатар өзге де айдаһар туралы аңыздармен байланысты. Ағылшын мифологиясында айдаһарлар көбінесе зұлымдық иесі ретінде ретінде бейнеленеді. Олар адамдарды, әсіресе қыздарды ұрлап әкетеді немесе қазыналарды күзетеді. Әдетте, батыр айдаһармен шайқасып, ұрланған адамды құтқару немесе қазынаны қорғау үшін олармен шайқасып, жеңіске жетеді.

Glastonbury Tor – Англияның Сомерсет графтығындағы Гластонбери қаласының маңында орналасқан төбе шыңы. Оның басында шатырсыз Әулие Михаил мұнарасы орналасқан, бұл – I санаттағы сәулет ескерткіші болып саналатын құрылыс. Аталған нысан Ұлттық мұра қорының қарауында және қорғалатын тарихи ескерткіш ретінде танылған. Бұл төбенің шыңы Артур патша мен Авалон аралы туралы аңыздармен байланысты аталған. Бұл жер перілер әлеміне кіретін қақпа ретінде қарастырылады.

Castle Hill – Англияның Хэмпшир графтығындағы Нью-Форест ұлттық паркінде орналасқан темір дәуіріне жататын бір қорғаны бар ежелгі қоныс орны. Ол Берли әкімшілік аумағының аумағында орналасқан. Жалғыз қорғаны мен ор қазылған жерден тұратын бұл нығайтылған аймақ шамамен бес акр жерді алып жатыр және жақсы сақталған, дегенмен жергілікті үйлерге апаратын соқпақ жолдар оны кесіп өтеді. Ішкі бөлігінің кейбір жерлері батпақты, ал аумақтың көп бөлігін емен, қайың, қылқанжапырақтар мен қырықжапырақтар басып кеткен. Аңыз бойынша, бұл төбе бір кездері жергілікті айдаһардың мекені болған, кейін оны жақын маңдағы Брук ауылынан шыққан бір рыцарь өлтірген.

Castle Hill – Ұлыбританиядағы археологиялық және мәдени мұра ретінде ерекше маңызға ие нысандардың бірі. Ол көне қоныстар мен бекініс орындарының іздері сақталған төбе түріндегі тарихи ескерткіш ретінде белгілі. Мұндай нысандар елдің ерте кезеңдегі қоныстану тарихын, қорғаныс жүйелерін және әлеуметтік құрылымын зерттеуге мүмкіндік береді.

Pendle Hill – 1612 жылғы Англиядағы әйгілі «Пендл ведьмаларының» ісімен кеңінен танылған тарихи төбе. Бұл оқиға ел тарихындағы бақсылыққа қатысты ең белгілі сот үдерісінің бірі ретінде қарастырылады. «Пендл ведьмаларының» ісі барысында бірнеше жергілікті әйелдер бақсылық жасады деген айыппен сотталып, олардың ісі қоғамда үлкен дау тудырған. Жергілікті аңыздарға сәйкес бұл төбе ежелден тылсым күштермен байланысты киелі әрі құпиялы мекен ретінде танылған.

Англияның оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтарында «Puck» атауына байланысты көптеген жерлер бар. «Puck» – ағылшын фольклорындағы пері немесе жын бейнесі. Мысалы, Puck's Hill, Puck's Lane және Puck's Wood. Бұл атаулар перілер мен жындарға қатысты аңыздарға негізделген. «Boggart» атауына байланысты көптеген жерлер бар, мысалы, Boggart Hill, Boggart

Wood және Boggart House. Бұл атаулар жергілікті аңыздар мен сенімдерге негізделген. «Boggart» – солтүстік Англия фольклорындағы зиянды рух немесе жын.

Перілер мен шайтан туралы аңыздармен байланысты жер атауы Torberry Hill деп аталады. *Torberry Hill* – Англияның оңтүстігіндегі Батыс Суссекс графтығында орналасқан тарихи және археологиялық маңызы бар төбе. Ол темір дәуіріне жататын бекініс орны ретінде танымал және Hillfort (төбе бекінісі) типіне жатады. *Torberry Hill* – төбесі жергілікті аңыз бойынша, шайтан (немесе кейде зұлым рух) ыстық пунштан күйіп қалып, ашу үстінде қасықты лақтырып жібереді, сол кезде қасық жерге түсіп, төбе пайда болады. Бұл – англосаксон және кельт дәстүріндегі «неге бұлай болды?» деген сұраққа мифтік түсініктеме беру тәсілі. Екінші аңыз бойынша, жаздың ортасында (Midsummer), яғни шамамен 21 маусымда, перілер (fairies) Torberry Hill-ге жиналып, түнде би билейді деген сенім бар. Бұл сенім ежелгі кельт мерекелерімен байланысты болуы мүмкін (мысалы, Litha немесе Summer Solstice), оларда табиғат рухтарына табыну кең тараған. Torberry Hill-дің фольклоры – табиғи нысандарды мифологиямен байланыстырудың жақсы үлгісі. Аңыздар көбіне табиғи жер бедерін, оның шығу тегін түсіндіруге тырысады. Бұл аңыздар – ағылшын тарихи-мәдени мұраларының маңызды бөлігі.

Галамның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты болады. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгенінің негізі болып табылады. Қазақ халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін топонимикалық атаулар *дала*, *қырат*, *тау*, *жота* атауларымен тығыз байланысты. Қазақ халқы ежелден көшпелі өмір салтын ұстанған. Қазақ халқында тән топонимдік атаулар табиғи ортамен, экожүйемен терең байланысты қалыптасқан. Топонимдер табиғи ортаның сипатына қарай қалыптасады. Мысалы: *Баянауыл* (таулы өңір), *Жайық* (өзен атауы), *Қызылқұм* (шөлді аймақ), *Сарыарқа* (кең жазықтық). Сонымен қатар қазақ топонимдері белгілі бір тарихи деректермен, мифологиялық оқиғалармен, аңыз-әңгімелермен байланысты. Қазақ жер-су атаулары ежелгі мифтер мен аңыз-әңгімелерге байланысты қалыптасқан.

Қазақ халқының танымында «тау» мифологиясымен байланысты жер-су атаулары жиі кездеседі. Қасиетті атамекеннің ортасында, кіндігінде қасиетті тау *Көктөбе* орналасқан деп сенген халық. «Тау» мифологиясында Көктөбеден басқа да Қазығұрт тауы, Бетай ата тауы, Алатау, Қаратау т.б. әулиелі таулар бар. Қазақ топонимикасында *тау* бедерімен және биіктікпен байланысты (*жота*, *шың*, *құз*, *төбе*, *шоқы*, *қыр*, *қырат*) атауларымен келетін мифотопонимдер де кездеседі. *Тау* ұғымына байланысты туындаған мифотопонимдік атаулардың бірі – Қазығұрт деп аталады. Өте

көне мифологиялық танымдардан көрініс беретін аймақтық топонимдердің бір тобы үңгір атауларымен байланысты. Қазақ жерінде *Жеті үңгір*, *Қос үңгір*, *Жалтыр үңгір*, *Бір ауызды*, *Үш ауызды үңгірлер* сынды спелеонимдер бар. Осы микротопонимдік атауларға және аталған нысандарға қатысты ақпараттарда мифологиялық сипаттағы танымдық деректер молынан кездеседі. Егер көне замандарда үңгірлер зиярат жасалатын, түрлі ырым-жоралар мен діни рәсімдер өткізілетін қасиетті орындар қызметін атқарса, кейінгі тарихи кезеңдерде олар біртіндеп тұрмыстық немесе географиялық нысан ретінде ғана қабылданып, өзінің киелі мәнінен айрылған.

Топонимикалық атаулардағы *су* концептісі *құдық*, *бұлақ*, *бастау*, *қайнар*, *өзен*, *теңіз* атауларымен сипатталады. Су – тазалықтың, өмірдің, киенің символы. Қазақ хадқының танымында су көздері киелі, «аңызға толы» деп саналған. Маңғыстау өңірінде Бекет ата құдығы мифтік сипат алған су нысаны. Бекет атаның жерасты мешіттері жанындағы құдықтар «қасиетті су көзі» деп саналған. Халық арасында бұл суды ішсе, аурудан айығады деген наным бар. Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан *Үкаша ата құдығы* – ел аузында кең таралған аңыз-әңгімелермен байланысты қасиетті орын. Бұл атаудың да өзіндік мифтік негізі бар. Аңыз бойынша, *Үкаша ата* – *Пайғамбар* заманында өмір сүрген, ислам дінін таратушы сахабалардың бірі. Ол жауларынан қашып, басын кесіп алып, өзі лақтырған жерге дейін барып жерленген деген сенім бар. Сол жерден құдық пайда болып, қасиетті су көзіне айналған. Халық арасында бұл құдықтың суы шипалы, ниет еткен адамға медет болады деген түсінік қалыптасқан. *Жылаған ата бұлағы* табиғи су көзі. Тастың арасынан жылдам су ағып, жылаған адамның көз жасы сияқты тамады. Халық арасында қалыптасқан мифтік таным бойынша тас «жылаған», яғни тірі, киелі деп саналған. «*Жылаған атаның көз жасы*» дейді. Қазіргі күнде ол жерге көп адамдар зиярат етіп барады. Келесі бір мифтік танымнан туындаған бұлақ атауы *Көктөбе* деп аталады. *Көктөбе бұлағы* қасиетті, емдік шипасы бар су көзі болып саналады. *Көктөбе бұлағының* айналасында *Ана бұлақ*, *Ата бұлақ*, *бала бұлақ*, *Қыз бұлақ*, *Көктен ата бұлағы* сынды бұлақтардың да орналасауында мифологиялық астар бар. Жер-судың шежіресін шертетін желілі аңыз-эпсаналар таңғажайып бітімді тау-тас, өзен-су, көл-бұлақтардың пайда болу себеп-салдарын халыққа түсіндіреді. Қазақстанның оңтүстігінде Қазығұрт тауының солтүстік жағында *Ғайып ерен* – *Қырық шілтен* деп аталатын киелі жер бар. Көшпелі халықтардың батырлары пір тұтып, сыйынатын исламға дейінгі көне рухтардың бірі – *Ғайып ерен*, *қырық шілтен*. Көне наным бойынша көзге көрінбейтін, шілтен деп аталатын қырық нөкері бар адамдарға көмектесіп жүретін рух. «Ғайып ерен» мұсылмандар арасында сопылық ілім ықпалымен тараған түсінік бойынша, ерекше қасиеттерге қол жеткізген әулиелер.

Қазақ халқының топонимиялық атаулары көшпелі өмір салтымен,

жергілікті халықтың діни-мифологиялық көзқарастарына байланысты туындаған. Қазақ топонимдер жүйесінде мифологиялық түсінік пен діни ұғымға байланысты топонимдердің ерте кездегі рулар мен тайпалардан қалған мұра екендігі айдан айқын. Бұл типтегі топонимдер республикамыздың оңтүстік аймағында және Маңғыстау өлкесінде көбірек ұшырасады. Мәселен, *Асықата, Бабаата, Шақпақата, Әулиеағаш, Әулиеқұм, Әулиеата, Жерұйық, Қансеңір, Қандықұдық, Қайынадыр, Майбұлақ, Қазығұрт* т.б. Біз қарастырып отырған мифотопонимдер халықтың танымынан туындаған мифтердің, аңыз-әңгімелер негізінде, нақты болған тарихи оқиғаларға байланысты, ру-тайпалардың атауларына байланысты және діни культтік танымнан туындап жатады.

Қазақстанның кейбір аймақтары құмды және шөлейт болғандықтан, мұнда шөл ландшафтына тән *апеллятивтер мен құдық* атаулары жиі кездеседі. Майқұдық – көне түркілік қабаттан бастау алатын топонимдік атау *май* және *құдық* сөздерінен қалыптасқан атау. «Май» сөзі түркі халықтарында қасиетті, киелі, құтты деген мағынаны білдіреді. «Май» сөзі көне түркілердің мифологиясындағы бала мен отбасын жебеуші «Ұмай ана» (май/ұмай) ұғымынан шыққан. Қазақ тілінде «от ана, май ана», ал алтай тілінде «май эне», ал Орхон-Енисей жазбаларында «Ұмай» түрінде кездеседі. Ұмай – ертедегі түркі тілдес халықтардың наным-сенімінде Тәңірден кейінгі ұрпақ жалғастығы мен отбасының амандығын сақтаушы киелі бейне. Майлықент, Майтөбе, Майбұлақ топонимикалық атауларының шығу негізі Ұмай ұғымымен тығыз байланысты. Майқұдық атауы «киелі құдық» деген мағынаны білдіреді.

Қазақ мифотопонимиясында *төбе* термині арқылы жасалынған орографиялық нысандар жиі кездеседі. Мысалы, *Алтынтөбе, Ескендіт төбесі, т.б. Бел* сөзі қазақ оронимиясында жиі қолданылатын халықтық географиялық термин. Бел атауы «тау жоталарындағы кең асу» мағынасын білдіреді. Мысалы, *Беласар, Бел, Көкібел*. Жер бедерінің ерекшелігін айқындайтын оронимдер құрамында *тас* орографиялық термині де кездеседі. Халықтың мифтік танымымен байланысты *Келіншектас, Тесіктас, Бесіктас* т.б. сынды атаулар қалыптасқан.

Ағылшын топонимиясында су нысандарына қатысты атаулар ерекше орын алады. Алайда тек географиялық мағынамен шектелмей, бұл атаулар көбінесе мифологиялық, аңыздық және фантастикалық мазмұнмен ұштасып жатады. Осындай атаулар мифотопонимдер ретінде танылып, халықтың мәдени жадында ерекше орын иеленеді. Бұл топонимдер көбінесе табиғи су нысандарымен (көл, өзен, тоған, арал) байланысты болып келеді, бірақ олармен бірге түрлі тылсым жаратылыстар мен аңыздық оқиғалар бейнеленеді. Мысалы, *Lyonesse* атауы Артур патша туралы аңыздарда кездесетін, су астына кеткен ел ретінде сипатталады. Бұл атау – жоқ болған құрлық пен су апаты сияқты мифологиялық концепцияларды біріктіреді.

Сол сияқты, Шотландиядағы *Loch Ness* атауы нақты көлдің аты бола тұра, Несси құбыжығының арқасында мифологиялық сипат алып, елестік бейнемен қатар жүреді. Тағы бір мысал – *Avalon*. Бұл атау нақты су сөзімен белгіленбесе де, арал (*isle*) бейнесі мен оған жету үшін суды кесіп өту керектігі арқылы суды мифологиялық кеңістік ретінде қабылданады. Артур патшаның өлімімен байланысты бұл арал – жұмақтық, мистикалық әлемнің символы. Грек мифологиясынан алынған *River Styx* атауы да ағылшын әдебиетінде жиі кездеседі. Бұл атау – өмір мен өлім шекарасын белгілейтін мифтік өзен ретінде бейнеленеді. Мұндай трансмәдени сипат ағылшын мифотопонимиясының фэнтезимен тығыз байланысын көрсетеді. Қазіргі әдебиеттегі мысал ретінде *Black Lake* (Гарри Поттер әлемінде) атауын атауға болады. Бұл көл түрлі су асты тіршіліктерімен және тылсым оқиғалармен байланысты. Сол сияқты, *Deadwater* және *Mermaid's Pool* атаулары да – нақты географиялық нысандар бола тұра, өлім, тылсым күштер, су перілері секілді мифтік элементтермен байланысқан. Жалпы алғанда, мұндай мифотопонимдерде суға қатысты мынадай сөздер жиі кездеседі: *loch, lake, pool, water, river, isle, ford, haven*. Бұл элементтер тек географиялық сипат беріп қоймай, тылсым табиғатты, аңыздық кеңістікті және халықтық сенімдерді білдіретін мәдени код қызметін атқарады.

Қазақ топонимиясында мифологиялық наным-сенімдермен астасып жатқан атаулар жиі кездеседі. Солардың арасында «адамның тасқа айналуы» аңызына негізделген жер атаулары ерекше назар аударады. Мұндай микротопонимдерге *Ата тас, Ана тас, Күйеу тас, Қырық қыз* сынды агиотопонимдер жатады. Аталған атаулармен байланысты табиғи тастар халық арасында киелі деп есептеледі және олардың әрқайсысы туралы аңыз-әңгімелер халықтың жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыр. Жергілікті географиялық нысандардың пайда болуы туралы көптеген қазақ мифтерінде кейіпкерлердің тау-тасқа айналу мотиві жиі кездеседі. Кейбір мифтерде тау-тас жаудың қуғын-сүргініне тап болған қыз-келіншектердің немесе дұшпанға әулие адамның оқ даритын осал тұсын айтып, сатқындық жасаған әйелдердің әрекет-қимылынан пайда болады. Мұндай мағынадағы «тасқа айналу» мотивінен туған сюжеттер мол. Мысалы, *Қырық қыз, Шілтер әулие, Азанұр, Масат ата*. Қазығұрт тауындағы Қырыққыз мифі бойынша ертеректе бір байдың қызының тойы болады. Той болып жатқанда қалыңдық қырық қызымен, күйеу серіктерімен серуендеп тауға шығады. Жаугершілік заман екен. «Жау келіп қалды» деген дауыс шығады. Сонда қыздар шулап: «Е, құдай! Бізді жау әкетпекші, тас қыла көр!», депті. Сонда бәрі тасқа айналыпты. Тасқа айналу мотиві Бурабайдың пайда болуы туралы мифпен де байланысты.

Көне мифологиялық ұғымдар мен түсініктерге қатысты қазақ тіліндегі жер-су атауларында тағы бір географиялық атаулар тобы «*әулие ағаштармен*» байланысты қойылған. «*Ағаш мифологиясы*» өте көне «*ғаламдық ағаш*»

культімен байланысты. «Ғаламдық ағаш – аса маңызды мифтік культ нысандарының бірі. Осы культтің сарқыншақтары мен белгілері барлық дерлік мифологиялық дәстүрлерде бар. Қазақ дәстүрінде де осы культтің сарқыншақтары аз емес» деп жазады С. Қондыбай [15, 1003 б.]. «Киелі ағаштар» культіне қатысты жергілікті географиялық атаулар *Әулие ағаш* – мола, бұлақ басына немесе айдалада жалғыз өскен, діңі ерекше үлкен, жуан ағаш. Ондай ағашты киелі санап, басына барып сыйынып, ырымдап ақтық (шүберек, әлем) байлайды. Мұндай ғұрыптық жосын әулие ағаш мифтік үш әлемді – аспан әлемін, жерді, жер астын жалғастырып тұратын дәнекер функциясын атқарады деген көне наным-сенімнен бастау алады.

Ағылшын тіліндегі географиялық атаулар – халықтың қоршаған кеңістікпен қарым-қатынасын, тарихи және мәдени танымын бейнелейтін когнитивтік таңбалар жүйесі. Кеңістікке қатысты атаулар, әсіресе табиғи нысандарды білдіретін компоненттер – *hill* (төбе), *mount* (тау), *river* (өзен), *wood* (тоғай), *forest* (орман), *brook* (бұлақ), *dale* (аңғар), *field* (дала) – тек географиялық координаттар емес, сонымен қатар тарихи-мәдени жүктемесі бар когнитивтік құрылымдар болып саналады.

Ағылшын тілінде *hill* сөзімен байланысты бірқатар мифотопонимдер бар, өйткені бұл атау тек жер бедерін ғана емес, сонымен қатар мифологиялық, аңыздық немесе рухани мәнге ие кеңістіктерді де білдіреді. Мұндай мифотопонимдер халықтың тарихи жадында ерекше орын алады. *One Tree Hill* – Лондондағы тарихи және мәдени маңызы бар төбе. Кейбір аңыздарда бұл жер көне дәуірлерде діни рәсімдер өткізілген қасиетті орын ретінде сипатталады. «Жалғыз ағаш» бейнесі де сол төбенің символдық мәнін күшейтіп, оны табиғат пен рухани нанымдардың тоғысқан кеңістігі ретінде көрсетеді.

Glastonbury Tor тікелей «hill» сөзімен аталмаса да, бұл төбе англосаксон тіліндегі *tor* сөзі арқылы «жоғары шоқы» дегенді білдіреді. Аңыз бойынша, бұл жер *Avalon* мифімен, Артур патшамен және діни тылсым күштермен байланысты. *Notting Hill* атауы тарихи мағынада «төбедегі қоныс» дегенді білдіреді. Бұл атау көбіне «жоғары мәртебе», «ерекше аймақ» түсінігімен байланыстырылған. Келтірілген мысалдардағы *hill* сөзі тек географиялық белгі емес, сонымен қатар символдық, мифологиялық, кейде тіпті мистикалық кеңістікті білдіретін танымдық код ретінде қолданылады. *Parliament Hill* мен *Notting Hill* атаулары жер бедерінің ерекшелігін ғана білдірмейді, олар Лондонның тарихи беделді аймақтары ретінде танымал. Мұндай атаулар тілдік санада «биіктік», «мәртебе» және «тарихилық» концептілерімен байланыстырылады. Ал *mount* компоненті (*Mount Snowdon*, *Mount Everest*) – биіктікті, асқақтықты және ерлікпен байланысты когнитивтік модельді бейнелейді. *Mount Everest* атауы отарлық кезеңде британ географтары қойған атау, бұл өз кезегінде кеңістік пен билік қатынасын да аңғартады.

River (өзен) компоненті кеңістікті ұйымдастырушы табиғи нысан

ретінде қабылданады. *River Thames* пен *River Avon* – елдің басты тарихи-мәдени өзендері. Айта кету керек, *Avon* сөзі кельт тілінде «өзен» деген мағына білдіреді, сондықтан *River Avon* тіркесі «Өзен өзені» болып плеоназм үлгісінде қалыптасқан. Бұл когнитивтік сәйкестік түрлі мәдениеттердің (кельт және ағылшын) қабаттасуынан туындаған. *River* сөзімен байланысты бірнеше мифотопоним бар. Бұл топонимдер өзен атауларын білдірумен қатар, сол аймақтың мифологиясы, тарихи жад және мәдени кеңістігімен тығыз байланысты. Мысалы, *River Thames (Темза өзені)* – Англияның ең әйгілі өзен. Ол тарихи, мәдени және мифологиялық кеңістіктің өзегі. Темза – Лондонның дамуына әсер еткен басты су арнасы ғана емес, сонымен қатар көптеген әдеби және мифологиялық шығармаларда кездесетін символ. Мифтік деңгейде Темза көбіне *британ рухының* символы ретінде сипатталады. Аңыздарда өзеннің «жаны» бар, ол Лондонның тағдырымен байланыстырылған.

Wood және *forest* компоненттері (*Kingswood, Norwood, Sherwood Forest, New Forest*) – ормандық кеңістіктің түрлі әлеуметтік-когнитивтік қырларын ашатын атаулар. Мысалы, *Kingswood* «патшаның тоғайы» деген мағына беріп, билік пен меншік ұғымдарын білдіреді. Ал *Sherwood Forest* халықтың ұжымдық жадында Робин Гуд туралы аңыздармен сақталып, мифологиялық кеңістікке айналған. *Wood* және *forest* ұғымдарымен байланысты ағылшын тіліндегі бірнеше *мифотопонимдер* бар. Бұл атаулар тек орманды алқапты білдіріп қоймай, халық жадындағы мифтер, аңыздар мен мәдени бейнелер арқылы ерекше символдық мәнге ие кеңістіктер болып саналады.

Sherwood Forest – Англияның Ноттингемшир графтығында орналасқан атақты орман. Бұл орман *Робин Гуд* туралы аңыздармен тікелей байланысты. Робин Гуд пен оның серіктері әділет үшін күрескен, байлардан алып кедейлерге үлестірген кейіпкерлер ретінде халық мифологиясында мәңгі сақталған. Ерлік, әділет, халық қаһарманы, жерасты тәртіптері, еркіндік символы ретінде халық танымында сақталған. *Kingswood* – Бристоль маңындағы тарихи орман алқабы. Атауы «патшаның орманы» деген мағынаны білдіреді. Орман ежелгі корольдік аңшылық аймағы болған, ал мұндай жерлер билік пен қорғалған кеңістік ретінде қабылданған. Билік, патшалық меншік, ерекше мәртебе деген когнитивтік мәнге ие бұл атау кеңістіктің «қасиеттілігі» мен рұқсатсыз кіруге болмайтын жабықтығын бейнелейді.

Elvendon атауы эльфтер туралы мифтермен байланысты атау. Атаудағы *elven* элементі тікелей ағылшын және скандинав мифологиясындағы эльфтермен байланысты. Бұл атау орманмен, табиғатпен, сондай-ақ тылсым элеммен байланысқан кеңістікті бейнелейді. Эльфтер көбінесе жасырын, тек ерекше адамдарға көрінетін жаратылыстар ретінде сипатталады. Сондықтан *Elvendon* атауының өзі-ақ кеңістіктің тылсым, мистикалық және рухани мазмұнға ие екенін білдіреді. *Elven* – ағылшын мифологиясындағы

эльфтер, яғни сиқырлы, орман рухтары немесе періштелік жаратылыстар, *Don / Dune / Down* көне ағылшын тілінде «төбе», «биіктік» деген мағына береді. Яғни, *Elvendon* тура мағынасында «Эльфтердің төбесі», немесе «Эльфтер мекендейтін биіктік» дегенді білдіреді. Ағылшын халқы үшін эльфтер туралы түсінік мифологиялық және фольклорлық нанымдармен тығыз байланысты.

Elvendon – фольклорлық сананың бейнесі. Ол адам мен табиғаттың шекарасында, реалдылық пен мифтің тоғысқан жерінде орналасқан. Мұндай атаулар балалық шақ елестерімен, ертегілермен, рухани ізденістермен байланысты кеңістік жасайды. *Elvendon* – бұл таза географиялық атау емес, ол мифологиялық бейнелермен толыққан когнитивтік кеңістік. Эльфтермен байланысты болғандықтан, бұл атау ағылшын мифотопонимиясының жарқын үлгісі болып саналады.

Pixey Mead (*пикси шабындығы*) – мифтік танымнан туындаған топонимикалық атау. *Pixey* – ағылшын фольклорында пиксидің (*pixie*) атымен байланысты, пикси – ағылшын және кельт мифологиясындағы шағын, ертегіге тән періштеге ұқсас мистикалық жаратылыс. *Mead* (*Meadow*) – шабындық, жайылым дегенді білдіреді. Осылайша, *Pixey Mead* атауы – пикси туралы аңыздармен, мифтік жаратылыстардың болуымен байланысты атау болып, топоним ретінде аймақтың сипаттамасы мен фольклорлық мифологиясын біріктіреді. Бұл атау – мифтік танымның нәтижесі ретінде қалыптасқан топоним.

Қазақ және ағылшын топонимиясында мифологиялық дүниетанымға негізделген атаулар ерекше орын алады. Бұл топонимдер халықтың көне танымдық қабаттарын, рухани құндылықтарын, табиғатпен қарым-қатынасын, дүниені мифтік тұрғыда қабылдауын бейнелейді. Қазақ топонимдерінде мифологиялық және этнотанымдық қабаттар көбінесе қасиетті орындармен, тарихи аңыздармен, діни ұғымдармен тығыз байланысты. Мысалы, *Қазығұрт*, *Хан Тәңірі*, *Жерұйық*, *Бурабай*, *Қалмаққырған*, *Қырық қыз*, *Көзді ата*, *Бабай Түкті Шапты Әзиз* сияқты атаулар мифтер мен діни нанымдардың әсерінен қалыптасқан. Бұл атауларда таулар мен үңгірлердің культі, әулиелерге деген құрмет, тотемдік түсініктер көрініс табады. Қазақ халқы үшін бұл жерлер тек географиялық нысан ғана емес, рухани және сакралды кеңістік ретінде қабылданады. Ағылшын топонимиясында да мифологиялық танымға негізделген атаулар жеткілікті. Мысалы, *Dragon Hill*, *Fairy Glen*, *Castle Hill*, *Torberry Hill*, *Pendle Hill*, *Puck's Hill*, *Boggart Wood*, *Glastonbury Tor*, *Sherwood Forest*, *Wychwood Forest*, *Loch Ness*, *Pixey Mead*, *Elvendon* сияқты атаулар ағылшын, кельт және скандинав мифологиясындағы айдаһарлар, перілер, орман жындары, рухани бейнелермен байланысты. Бұл топонимдерде көбіне ертегілік, сиқырлы, қорқынышты кейіпкерлердің бейнесі басым. Мұндай атауларда табиғи орта – орман, төбе, өзен, көл – мистикалық әлемге айналады. Қазақ

және ағылшын мифотопонимиясы арасында бірнеше ұқсастықтар бар. Екі халықтың да топонимиялық қабаттарында табиғи нысандармен байланысты және мифологиялық бейнелер негізінде қалыптасқан атаулар жиі кездеседі. Сонымен қатар, әртүрлі культтерге – төбелерге, тауларға, үңгірлерге, аңқұсқа және рухтарға табыну мотиві ортақ. Бұл екі халықтың да табиғатты киелі әрі рухани мәнге ие орта ретінде қабылдайтынын аңғартады. Алайда қазақ және ағылшын топонимиялық атаулары арасында айырмашылықтар да байқалады. Қазақ мифотопонимдерінде діни, рухани-философиялық ұғымдар жиі көрініс тапса, ағылшын топонимдерінде фольклорлық, ертегілік және сиқырлы кейіпкерлер (жын, айдаһар, пері, елес) басым келеді.

Салыстырмалы зерттеу мифологиялық дүниетанымның топонимдер арқылы көрініс табу ерекшеліктерін айқындап, әр халықтың мәдени-когнитивтік коды мен дүниетаным жүйесін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Мифологиялық негіздегі топонимдердің этномәдени сипатын ашу арқылы жаһандану жағдайында ұлттық мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін сақтау қажеттілігі ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Қорытынды

Қазақ және ағылшын топонимиялық кеңістіктеріндегі мифотопонимдерді салыстыра зерттеу нәтижесінде әр ұлттың тарихи жады мен дүниетаным ерекшеліктерінің кеңістіктік атаулар арқылы көрініс табатыны анықталды. Мифологиялық негіздегі жер-су атаулары – тек географиялық нысандардың белгісі ғана емес, сонымен қатар халықтың танымын, наным-сенімін, өмірсүру салтын бейнелейтін маңызды когнитивтік құрал. Қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі топонимдердің бірқатары халықтың мифологиялық түсініктерін көрсетеді. Әрбір тілдің мифотопонимиясында сол халықтың тарихи-мәдени тәжірибесі мен когнитивтік санасы өзіндік ерекшеліктерімен көрінеді. Осылайша, мифотопонимдер арқылы ұлттық тілдік сана мен кеңістік арасындағы байланыс айқындалып, топонимиялық атаулардың тек номинативтік емес, сонымен қатар когнитивтік, мәдени-танымдық қызмет атқаратыны дәлелденді.

Қорытындылай келе, қазақ және ағылшын мифотопонимдері – екі түрлі этностың дүниетанымын, рухани мәдениетін, табиғатпен қарым-қатынасын бейнелейтін мәдени-тілдік құбылыстар. Олар тіл мен танымның, тарих пен аңыздың, сакралдық пен фольклордың тоғысқан тұсы болып саналады. Әрбір топоним халықтың табиғатты, қоршаған ортаны қабылдау ерекшелігін және рухани-мәдени түсінігін білдіреді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей екі мәдениетте де топонимдер халықтың рухани әлемінің көрінісі ретінде қалыптасқан. Табиғи объектілер мифологиялық таныммен ұштасып, халық санасында қасиетті немесе қорқынышты орындар ретінде орныққан. Бұл салыстырмалы зерттеу ұлттық дүниетаным мен тілдің сабақтастығын терең түсінуге мүмкіндік береді және жаһандану жағдайында ұлттық мәдени ерекшеліктерді айқындайтын зерттеу болып саналады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 280 б.

[2] Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы: «Өнер», 2011. – 496 б.

[3] Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.

[4] Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.

[5] Рысберген Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.

[6] Eilert E. The Concise Oxford Dictionary of English Place-Names. – Oxford: Clarendon Press, 1960. – 624 p.

[7] Margaret G. Signposts to the Past. – Fillimor, 2010. – 296 p.

[8] Mills A.D. A Dictionary of British Place Names. London in UK: Oxford University Press. 2011. – 563 p.

[9] Victor W. The Cambridge Dictionary of English Place-Names. Based on the Collections of the English Place-Name Society, 2011. – 788 p.

[10] Nicolaisen W. Place-name legends: An onomastic mythology // Folklore. – 1976. – Vol. 87/2. – Pp. 146-159.

[11] Cameron K. English Place Names. – Batsford, 1996. – 256 p.

[12] Nicholas J.H., Martin J.R. Place-names, language and the Anglo-Saxon landscape.– Woodbridge in UK. The boydell press, 2011. – 245 p.

[13] Қараева Б.З., Мейірбеков А.К., Тасполатов Б.Т. Environmental Transformations and Their Impact on Place-Name Evolution: A Comparative Linguistic Analysis of English and Kazakh Geographical Nomenclature // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series «Philological Sciences». – 2025. – № 4 (79). – Pp. 159-170. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.011>

[14] Тасполатов Б.Т. «Қазығұрт топонимдері». Монография. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2016. – 168 б.

[15] Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2024. – 1040 б.

REFERENCES

[1] Tileuberdiev B.M. Qazaq onomastikasynyn lingvokognitivtik aspektileri [Linguocognitive aspects of Kazakh onomastics]. – Almaty: «Arys» baspasy, 2006. – 280 b. [in Kaz.]

[2] Zhanuzaq T. Zher-su ataulary (jetimologijalyq anyqtamalyq) [Place and water names (etymological reference)]. – Almaty: «Oner», 2011. – 496 b. [in Kaz.]

[3] Qojshybaev E. Qazaqstannyn zher-su attary sozdigi [Dictionary of land and water names of Kazakhstan]. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b. [in Kaz.]

[4] Zhanuzaq T. Qazaq onomastikasy. Ataular syry 3 [Kazakh onomastics. Names secret 3]. – Almaty: Dajk-Press, 2007. – 524 b. [in Kaz.]

[5] Rysbergen Q. Ulttyq onomastikanyn lingvokognitivtik negizderi [Linguocognitive foundations of national onomastics]. – Almaty: Dajk-Press, 2011. – 328 b. [in Kaz.]

[6] Eilert E. The Concise Oxford Dictionary of English Place-Names. – Oxford: Clarendon Press, 1960. – 624 p.

[7] Margaret G. Signposts to the Past. – Fillimor, 2010. – 296 p.

[8] Mills A.D. A Dictionary of British Place Names. London in UK: Oxford University Press. 2011. – 563 p.

[9] Victor W. The Cambridge Dictionary of English Place-Names (Based on the Collections of the English Place-Name Society, 2011. – 788 p.

[10] Nicolaisen W.F. Place-name legends: An onomastic mythology // Folklore. – 1976. – Vol. 87/2. – Pp. 146-159.

[11] Cameron K. English Place Names. – Batsford, 1996. – 256 p.

[12] Nicholas J.H., Martin J.R. Place-names, language and the Anglo-Saxon landscape. – Woodbridge in UK. The boydell press, 2011. – 245 p.

[13] Qaraeva B.Z., Mejirbekov A.K., Taspolatov B.T. Environmental Transformations and Their Impact on Place-Name Evolution: A Comparative Linguistic Analysis of English and Kazakh Geographical Nomenclature // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series «Philological Sciences». – 2025. – № 4 (79). – Pp. 159-170. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.011>

[14] Taspolatov B.T. «Qazygurt toponimderi». Monografija [«Toponyms of Kazygurt». Monograph]. – Shymkent: «Alem» baspahanasy, 2016. – 168 b. [in Kaz.]

[15] Qondybaj S. Argyqazaq mifologijasy [Ancient Kazakh mythology]. – Almaty: «Arys» baspasy, 2024. – 1040 b. [in Kaz.]

ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ ПРОСТРАНСТВО В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ МИФОТОПОНИМОВ

*Сматова А.Е.¹, Емкулова З.А.², Морозова В.Ю.³

*^{1,2,3}Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,
Шымкент, Казахстан

Аннотация. В статье анализируются лингвокультурные и когнитивные особенности мифотопонимов в казахском и английском языках с точки зрения сравнительной лингвистики. В качестве объекта исследования рассматриваются топонимические единицы, которые занимают важное место в национальной культуре и когнитивном сознании двух народов. Казахские и английские топонимы тесно связаны с определёнными

историческими, социальными и природно-географическими факторами, поэтому их семантические особенности проявляются через различные культурные коды.

Целью исследования является выявление особенностей этнокультурной когнитивной системы казахских и английских мифотопонимов посредством их сравнительного анализа. Исследование направлено на определение значения мифотопонимов как языкового материала, а также на выявление их связи с мифологическим сознанием и этнокультурной картиной мира. Идея исследования заключается в том, что мифотопонимы выступают как языковой феномен, сохраняющий и передающий историческую память, духовные ценности и культурный код определённой этнической группы.

Актуальность исследования определяется активизацией межкультурных контактов в цифровую эпоху и соответственно - интереса к культуре, истории, мировидению другого народа, частью которого являются и мифотопонимы, в которых отражаются исторически сложившиеся духовные ценности народа, его древние верования, легенды и мифы.

В ходе исследования мифотопонимический материал систематизируется, используются сравнительный, описательный, семантический, когнитивный и лингвокультурный методы анализа. Сопоставительный анализ мифотопонимов казахского и английского языков позволил более детально выявить сходства и различия исторической памяти, духовных ценностей, культурных кодов казахов и англичан, их этнокультурных и историко-культурных особенностей.

Новизна исследования заключается в сравнительном анализе концепта этнокультурного пространства на основе мифотопонимов казахского и английского языков. Работа выявляет семантические и культурно-когнитивные особенности мифотопонимов и способы их репрезентации этнокультурного пространства. По результатам исследования с когнитивной точки зрения сопоставляются казахские и английские мифотопонимы, выявляются особенности национального мировоззрения двух народов и формулируются новые научные выводы.

Научная значимость исследования заключается в том, что сравнительный анализ мифотопонимов казахского и английского языков позволяет выявить их когнитивно-семантическую структуру и способствует расширению лингвистических знаний. Практическая значимость работы проявляется в возможности применения полученных результатов в сравнительном языкознании, культурологии, ономастике и лингвокогнитивных исследованиях.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, национальное сознание, топонимическое пространство, мифотопонимика, национальная особенность, культурный код, сравнительный анализ, языковой знак

ETHNOCULTURAL SPACE IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES: A COMPARATIVE ANALYSIS OF MYTHOTOPONYMS

*Smatova A.E.¹, Emkulova Z.A.², Morozova V.Y.³

*^{1,2,3}M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. This article analyzes the linguocultural and cognitive features of mythotoponyms in Kazakh and English from a comparative linguistic perspective. The research object consists of toponymic units that occupy an important place in the national culture and cognitive consciousness of both peoples. Kazakh and English toponyms are closely connected with specific historical, social, and natural-geographical factors; therefore, their semantic features are expressed through different cultural codes.

The aim of the study is to identify the features of the ethnocultural cognitive system of Kazakh and English mythotoponyms through comparative analysis. The research seeks to define mythotoponyms as linguistic material and to reveal their connection with mythological consciousness and ethnocultural worldview. The central idea of the study is that mythotoponyms function as a linguistic phenomenon that preserves and transmits historical memory, spiritual values, and cultural code of a particular ethnic group.

The relevance of the study is determined by intensification of intercultural communication in the digital era and the growing interest in the culture, history, and worldview of other peoples. Mythotoponyms reflect ancient beliefs, legends, myths, and historically formed spiritual values.

In the course of the research, mythotoponymic material is systematized, and comparative, descriptive, semantic, cognitive, and linguocultural methods are applied. The comparative analysis reveals similarities and differences in historical memory, spiritual values, cultural codes, and ethnocultural characteristics of Kazakh and English peoples.

The novelty of the study lies in comparative analysis of ethnocultural space based on Kazakh and English mythotoponyms. The work identifies their semantic and cognitive features and ways of representing ethnocultural space. The findings highlight differences in national worldviews and lead to new scientific conclusions.

The scientific significance of the study lies in expanding linguistic knowledge through revealing the cognitive-semantic structure of mythotoponyms. The practical significance is reflected in its applicability in comparative linguistics, cultural studies, onomastics, and cognitive research.

Keywords: cognitive linguistics, national consciousness, toponymic space, mythotoponymy, national peculiarity, cultural code, comparative analysis, linguistic sign

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 02.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Сматова Алия Ералиевна – негізгі автор, педагогика ғылымдар магистрі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orchid.org/0000-0001-9920-4676>, e-mail: Smatova.80@mail.ru

Емқұлова Закира Алифбаевна – магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orchid.org/0000-0003-1421-6681>, e-mail: Zakira.emkulova@mail.ru

Морозова Валентина Юрьевна – магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orchid.org/0000-0001-9928-4530>, e-mail: Vyu_morozova@mail.ru

Информация об авторах:

Сматова Алия Ералиевна – основной автор, магистр педагогических наук, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, <https://orchid.org/0000-0001-9920-4676>, e-mail: Smatova.80@mail.ru

Емқұлова Закира Алифбаевна – магистр, старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, <https://orchid.org/0000-0003-1421-6681>, e-mail: Zakira.emkulova@mail.ru

Морозова Валентина Юрьевна – магистр, старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, <https://orchid.org/0000-0001-9928-4530>, e-mail: Vyu_morozova@mail.ru

Information about the authors:

Smatova Aliya Eraliyevna – primary author, Master of Pedagogical Sciences, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orchid.org/0000-0001-9920-4676>, e-mail: Smatova.80@mail.ru

Yemkulova Zakira Alifbayevna – Master, Senior Lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orchid.org/0000-0003-1421-6681>, e-mail: Zakira.emkulova@mail.ru

Morozova Valentina Yurievna – Master, Senior Lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orchid.org/0000-0001-9928-4530>, e-mail: Vyu_morozova@mail.ru